

Тәрбие мен мәдениеттің алтын ұясы

Мәдениет саласында қызмет еткеніме ширек ғасырға жуықтапты. Мамандығым – мәдениет үйлері мен клуб саласы болса да, кітапханадағы біраз жылдық еңбегім де мен үшін артық болмады.

Кітапхана – рухани орталық. Мұнда тек жүрегі, ойы, ниеті таза жандар ғана ұзақ жыл қызмет ете алады. Ал кездейсоқ келгендер, әдетте, екі-үш жылдан соң-ақ кете береді.

Ал балалар кітапханасында келушілердің ішкі жан-дүниесін мейірімге, адамшылыққа, білімге толтырып жіберуге дайын тұратын, елгезек те ізгі ниетті, балаларды ерекше жақсы көретін жандар ғана жұмыс істейді.

Жиырма жыл бойы еңбек еткен мемлекеттік қызметтен өз еркіммен босап, өзіме етене таныс кітапхана саласына қайта оралған соң, небәрі алты айдың ішінде тынысым кеңіп, жеңілдік пен еркіндікті сезіндім.

24 қазан – Кітапханашылардың төл мерекесі. Осы орайда бүгінде өзім еңбек етіп жүрген Шығыс Қазақстан облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасы туралы бір үзік сыр жазу – бұрынғы тілші әрі жазушы ретінде парызым деп білемін.

Балалар кітапханасы қаламыздағы өзге кітапханалардан өзгеше. Өйткені мұнда ересектердің «келмеске кеткен» балалық шақтары қайта оралады. Бала періштелер келіп кітап оқиды, «асыр салмаса»

да ойын бөлмелерінде тоғызқұмалақ, асық, шахмат пен дойбы ойнайды. Бір бөлмесіне кірсең – сурет салып үйреніп жатқан кішкентай оқырмандар, ал келесі бөлмеде – қызықты бағдарламалар мен ойындар өтуде.

Тыңдармандар залында ертегі кейіпкерлері мен көңілді клоунның киімін киіп алып, балаларды түрлі ұлттық ойындар арқылы мейірімділікке, адалдыққа, имандылыққа, көркем мінезге баулып жүрген қарапайым кітапханашылар – Кәмшат Нәбиолдина, Айшолпан Нұрғайып, Еркеназ Қадырбекова, Шынар Адыхановалар.

Жастармен жұмыс орталығында Өрен Ерлан, Ернат Файзуллаев, Аян Қалымбек, Әділ Әуезхан сынды белсенді жастар оқырмандарды өз ойын ашық, жатық тілмен жеткізуге баулу мақсатында пікірталастар мен ой-талқылар өткізіп жүр. Олар кітапхананы шынайы тәрбие мен ой мәдениетінің мектебіне айналдырған.

Бүгінгі кітапхана жылдан-жылға жасарып келеді. Бұрын мұнда орта жастан асқан қызметкерлер басым болса, бүгінде жастар легі артып келеді. Жас мамандар балалар мен жасөспірімдерге қызмет

көрсете жүріп, өздері де кәсіби және рухани тұрғыда шыңдалуда. Уақыт өте келе олардың үздік кітапханашылар қатарына қосылары анық.

Бұл ұжымда тәжірибелі тәлімгерлер аз емес: Динара Кітапбаева, Светлана Эбель, Эльмира Шағыраева, Жанар Серікбаева, Тамара Устинова, Жанар Буханова, Светлана Юрова, Роза Аутқанова, Жанат Ахмадиева сынды сала майталмандарының еңбек өтілі 10 жылдан 25 жылға дейін жетеді.

Кітапхана директоры Назгүл Кежебекова мен орынбасары Елена Шунькова да қатардағы кітапханашыдан бастап сатылап өскен, жұмыстың бүге-шігесіне дейін жетік білетін нағыз кәсіби мамандар. Күнделікті іс-шараларды ұйымдастыру кезінде олардың тәжірибесі мен бағыт-бағдары жас мамандарға үлкен мектеп. «Жоқтан бар жасау» өнерін үйретіп, рухани қолдау көрсетіп отырады.

Балаларға арналған іс-шараларда оқырмандардың жас ерекшелігіне, ақпаратты қабылдау қабілетіне дейін мән беріледі. Кітапханашылар баламен бала тілінде сөйлесіп, әр шарадан олардың көтеріңкі көңілмен, пайдалы әсермен шығуына бар күш-жігерін салады.

Осы тұрғыдан алғанда, балалар кітапханасы мен кітапханашылардың кішкентай оқырман алдындағы қызметі –



немқұрайлық пен селкостықты көтермейтін, қалтқысыз адалдықты қажет ететін, өте нәзік әрі жауапты еңбек.

Кітапханашылар – көпшілік ойлайтындай «жай ғана кітап берушілер» емес. Олар – кез келген ертегінің кейіпкерін сомдайтын актер, мерекелік іс-шарада әсем ән шырқайтын әнші, бағдарламаны жазып шығатын сценарист, іс-шараның бір деммен өтуін үйлестіретін режиссер. Бір сөзбен айтқанда, кітапханашы – мәдениет пен шабыттың тоғысқан әмбебап тұлғасы.

Кітапхананың ішінде қызықты кітап таралымы ғана емес, театр өнерінің бір парасы мен филармониялық шабыттың жаңғырығы да бар.

Кітап бояуы мен ескі парақтың иісі аңқыған оқу залдары – жан тыныштығын сыйлайтын ерекше мекен.

Өйткені кітапхана – оқырманның жан дүниесіне кітап арқылы әсер етіп, ондағы ғажайып оқиғалар мен ақын-жазушылардың рухты өлеңдері, өткеннің тарихы мен шежіресі арқылы бойына Отанға деген сүйіспеншілік пен рух береді.

Сондықтан да мен нық сеніммен айтамын: Кітапхана – адам жан-дүниесінің Меккесі.

Гүлжан Қазимова,
ШҚО балалар мен жасөспірімдер кітапханасы директорының орынбасары